



**Қуанышты
күн тілейміз!**

Сабақта оқытудың белсенді әдіс-тәсілдерін қолдану



**Маған айтсаң, мен ұмытып
қаламын**

**Маған көрсетсең, мен есімде
сақтай аламын**

**Маған осыны істеуге мүмкіндік
берсең, сонда бұл мәңгілік менікі
болып қалады!**

Қытай халқының мақалы

Бүгінгі күні оқушылар
ақпаратты **қалаған**
жерінен, кез келген
уақытта таба алады



Бүгінгі күні мұғалім
жалғыз ғана ақпарат көзі
болып табылмайды



Yandex



Үйрету:

Ақпаратты іздеп қана қоймау керек, **сонымен қатар:**

Ақпаратты бағалай білуге

Ақпаратқа сараптама жасай білуге

Ақпаратты жұптастыра білуге

Ақпараттың көмегімен мәселелерді шешуге

Оқыту

Фактілерге немесе дағдыларға ?



**Заманауи мектептің алдына қойылып
отырған міндет- өзгеріп отыратын
өмір жағдайына тез арада бейімделе
білетін оқушыны тәрбиелеу.
Оқытудың табыстылығының
құпиясы- оқушылардың
коммуникативтік дағдысын дамыту.**



Оқушының қызметін белсенділендіру тәсілдері

- **Белсенді сынып**
- **Белсенді емес сынып**

■ Белсенді сынып

- оқушылар бір-бірімен сөйлеседі;
- мұғалімге және сыныптастарына сұрақ қояды;
- жұмыс істеу үшін бөлме ішінде қозғалады;
- оқушылар түсіндіреді;
- оқушылар көрсетеді;
- оқушылар бір-біріне жазбалар дайындайды;
- мұғалім иұқият тыңдайды;
- оқушылар бір-біріне бетпе-бет отырады;
- оқушылар өздерін еркін ұстайды;
- бір-бірімен ой бөліседі.

■ Белсенді емес сынып

- мұғалім көп сөйлейді;
- сұрақты мұғалім қояды;
- мұғалім сыныпқа нұсқау беру үшін тақтаға жазады;
- мұғалім түсіндіреді;
- мұғалім көрсетеді;
- мұғалім оқып тұрып, оқушылар жазады;
- мұғалім тыныштықты талап етеді;
- оқушылар тыңыш тыңдайды;
- мұғалім бөлме ішінде көп қозғалады.

Әрбір адамға ойлау қабілетінің белгілі бір дағдылары мен жеке тұлғаның қасиеттері керек.

Сарапатама жасай білу, салыстыра білу, негізгісін анықтай білу, мәселені шеше білу, өзін-өзі баламалы бағалай білу, жауапты болу, өз бетінше жұмыс істей білу – міне, жоғарыда аталғандардың барлығы балаға өмір жолын бастауға қажеттіліктер деп атасақ та болады.

Мұғалімнің міндеті барлық ақпаратты айтып немесе көрсетіп қана қоймау керек, сонымен қатар оқушыны **ойлауға үйрету керек, сол тапқан ақпараттарын **практика жүзінде қолдана білуге үйрету керек.****

ОҚЫТУДЫҢ БЕЛСЕНДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ осыған жағдай жасайды.

Белсенділіктің 3 деңгейі:

- **Қайта жаңғырту белсенділігі** — оқушының білімді түсінуге, есте сақтауға, қайта жаңғыртуға тырысуы, яғни, үлгі бойынша пайдалану тәсілдерін меңгеруі
- **Интерпретация белсенділігі** — оқушының оқытылған материалдың мәнін түсінуге, осы ақпараттардың арасындағы байланысты түсінуге тырысуы, яғни, ақпаратты (білімді) үлгі бойынша емес, өзгертілген жағдайда пайдалану тәсілдерін меңгеруі
- **Шығармашылық белсенділік** — оқушының мәселені шешу жолдарын өз бетінше іздеуі, яғни, танымдық қызығушылығын көрсете білуі.

Белсенді оқытуды ұйымдастырудың формалары (түрлері немесе әдіс-тәсілдері):

- **әр түрлі деңгейдегі дәрістер** (мәселені шешуге бағытталған дәрістер, көзбен шолып байқауға бағытталған дәрістер, пресс-конференциялар, нақты жағдайларды талқылауға бағытталған дәрістер және т.б);
- **топтық жұмыстарды ұйымдастыру жолдары** (оқушыларды ақпарат алмасуға бағыттайтын жаттығулар, атап айтсақ «мозаика», «миға шабуыл», семантикалық карта құрастыру);
- **әр түрлі әдістер мен тәсілдер**


“Өз ойынымыз”

Карусель

Арқаға арқа

Қатысушылар берілген екі орындыққа отыру керек. Біреуі тақтаға қарап отыру керек, екіншісі тақтаға қарама-қарсы жаққа қарап отыру керек.

Мұғалім түсіндіру үшін бір сөзді береді. Бірінші қатысушының берілген сөзді түсіндіру үшін бірнеше минуты бар



Он сұрақ!



Мұғалім бір оқушыны таңдап алады және оның маңдайына негізгі сөз жазылған стикерді жабыстырады– қатысушы сыныпқа он сұрақ қоя алады, оқушылар “иә” немесе “жоқ” деп қана жауап бере алады. Осылайша оқушы маңдайында жазылып тұрған сөзді анықтауы керек.

Белсенділік

Бүгінгі сабаққа қатысты берілген сөздегі әріптерден көбірек сөз құрастыруға тырысу керек



Сіздің нәтижеңіз қандай?

Өте жақсы: 10 және одан да көп

Жақсы: 8 және одан да көп

Жаман емес: 6 және одан да көп

Құпия зат – Осы зат туралы 5 сұрақ
жазыңыз:

Бұл не? деп сұрамаңыз



Конверт-вопрос

Напишите 2-3 вопроса, (в соответствии с целями обучения) на конвертах. Подготовьте несколько конвертов для того, чтобы у каждого ученика был свой. Дайте две минуты на каждый: ученик пишет имя и ответ на стикере; по истечении двух минут конверт передается до тех пор пока все не ответили на эти 2-3 вопроса. Соберите стикеры и прочитайте некоторые ответы вслух (анонимно); класс рассуждает о том, насколько точным является тот или иной ответ.



Тема: _____

Что я знаю?

(вводное задание)

Что бы я хотел знать?

(вводное задание)

Что я выучил?

(обсуждение)

Бөлшектерін қосыңыз

Топпен жұмыс істей отыра, берілген сөйлемді толықтыру керек.
Мақсатымыз- берілген тақырып бойынша оқушылар алған білімдерін көрсете білу керек, қай топта ақпарат толық қамтылған болса, сол топ жеңіске жетеді.




Мысалы, бастапқы берілген сөйлем:

Екінші дүниежүзілік соғыс 1939 жылы басталды.

Осы берілген сөйлемді қандай ақпараттармен толықтыруға болады?

Сұрақты табыңыз...

Бірнеше жауап беріледі.
Қандай сұрақ қойылды?



Тақырып бойынша сөздер беріледі

Берілген сөздердің қайсысы қайда жатады _____ ?

Сөздер қоры

Берілген тақырып

Әр түрлі тақырыптарда сөздер салынады, оқушы тақырыпқа қатысты сөздерді солардың ішінен таба білуі керек.

Тақырыпқа қатысты сөздер мұнда ауыстырылуы керек


Көршіңізге айтыңыз

«Көршіңізге айтыңыз» әдісі оқушыларға өз ойын дауыстап айтуға мүмкіндік береді. Оқушыға сұрақ беріп, ойлануға уақыт беріңіз, содан кейін оқушыдан өз ойын көршісімен бөлісуді өтініңіз. Оқушыларға жаңа тақырыпты атаңыз және осы тақырып төңірегінде не білетінін өзінің көршісіне айтуды өтініңіз. Осылайша оқушылар бірінің білімін екіншісі толықтырады.



Ақпараттардың жетіспеуі

1-оқушыда 50% ақпарат бар.



2-оқушыда ақпараттың келесі бөлігі бар.

Екі оқушы жұптаса отыра, бір-біріне өзінің қолындағы ақпаратты көрсетпестен түсіндіреді. Осылайша оқушылардың әрқайсысы өзіне жетіспеген ақпаратты ала алады.

Сұрақтар салынған қорап

Кабинетте оқушылардың сабақтың соңында өздеріне түсініксіз болған сұрақтарын салып кететін қорап болу керек. Осы сұрақтарды келесі сабақтың басында таратып алып, өздері жауап табуға тырысады.



“Бағдаршам”

Бағдаршамның түстерін оқушылардың жаңа сабақты қаншалықты түсінгенін байқау үшін қолдануға болады. Қалай ойлайсыздар, оны қалай іске асыруға болады?



«Бас бармақ»

Сабақты қаншалықты түсінгенін
байқау мақсатында қолдануға
болады:



**НАЗАР ҚОЙЫП
ТЫҢДАҒАНДАРЫҢЫЗҒА
РАҚМЕТ!!!**

